

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ СЕМЕЙ
ҚАЛАСЫ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТ**

СӨЖ

Тақырыбы: Колибактериоз қоздырғышы

**Орындаған : Онғарбекова Ж.Д.
Группа :ВМ-703
Тексерген: Карипбаева С.Ж.**

Семей-2019ж.

Колибактериоз

Колибактериоз – бұл әр түрлі жануарлар (құстар мен қымбат терілі аңдарды қосқанда) ішінде төлдердің өткір өтетін бактериалды жұқпалы ауруы. Әдетте, диарея (профузды іш өту), ағза құрғауы, депрессия, артатын әлсіздік және өлімге апарумен сипатталады.

Колибактериоз үш форма бойынша өтеді: септикалық, энтеротоксемикалық және энтеритті. Соңғы екі формада сепсис болмайды. Бұзаулар алғашқы сағатта және туылған күні сезімтал; торайлар туылу мерзімінде және емізуден алып тастағаннан кейін ауырады. Осыдан басқа, эшерихиоздың тағы бір формасы торайларда кездеседі — ісік ауруы. Қозылар алғаш туылған кезінен бастап 5-6 ай жасына дейін ауырады. Құстар негізінен алғашқы 2-4 айда зақымданады. Үлкен жануарлар колибактериозбен ауырмайды, бірақ *E.coli* патогендік штаммының бактерия таратушысы болып табылады. Ішек таяқшасы эндометрит және сиырлар маститінің қоздырушысы болуы мүмкін


Тарихи деректер

Бұзаудың "ақ тышқак" ауруының жүкпалы екенін 1865 ж Обих, ал оны ішек таяқшасы бактерияларының қоздыратындығын Иенсен (1891) дәлелдеді. Алғаш рет Эшерих (1865) адамның нәжісінен бөліп алған бұл микроб *E scherichia coli*, ал ол қоздыратын ауру колибактериоз немесе эшерихиоз атанды. Бұрынғы Кеңес Одағында колибактериоз біршама зерттелгенімен 1960-жылдары бұл ауру - жүкпайтын диспепсия деген қате көзқарас үстемдік алды. Я.Е.Коляковтың еңбектері арқылы ауруды зерттеу және онымен күрес жүргізу дұрыс жолға қойылды. Қазақстанда төлдің колибактериозыш зерттеуді 1970-жылдары Э. А. Светоч жан-жақты жүргізді.




Т.Эшерих

Эшерихиоз (колибактериоз, шошқалардың ісік ауруы) қоздырушысы - E. coli (ішек таяқшасы).




Қоздырғышы

Қоздырғышы – эшерихи коли. 1885 ж. неміс педиатры Т.Эшерих адам организмiнiң қалыпты микрофлорасын зерттеу барысында адамның нәжiсiнен тапқан. Олар табиғатта кең тараған, сау малдың тоқ iшегiн тұрақты мекендейдi. Таяқша спора түзбейдi, капсула құрамайды және суда, топырақта, мал қиында бiрнеше айға дейiн тiршiлiгiн жоймайды. Ыстыққа өте төзiмсiз келедi, 60°C-та 15 минутта, ал 100°C-та бiрден қырылып қалады. Бұл қоздырғыштардың биол. ерекшелiгi – олардың екi түрлi у шығаруы. Бiрi – сыртқы у (экзотоксин), екiншiсi – iшкi у (эндотоксин). Микробтың сыртқы уы микроб клеткасынан сыртқа шығарылып, iшкi у микроб клеткасының iшiнде бөлiнiп, қан арқылы организмге тарап, төлдi уландырады. Ауру кiндiк немесе ас қорыту жолы, сүт (төлге сапасы төмен, лас сүт iшкiзгенде), су, жемшөп арқылы жұғады. Колибактериоздың қоздырғышын жұқтырған төлдер бiрнеше сағат енесiн ембей қояды, селсоқ тартып, күнi бойы жатып қалады.



Қоздырушысы - *Escherichia coli* - грамтеріс, қозғалмалы, спора түзбейтін, тұрқы қысқа, жуантық, ұштары жұмырланып біткен таяқша. Денесінде соматикалық О-, жіпшесіде Н-, қауашақ түзетіндерінде сыртқы К-антигендері болады. К-антигендері ыстыққа төзімсіз, термолабильді, L-және В антиген- дерге, ыстыққа төзімді, термостабильді А-антигенге бөлінеді. L-антигенге жататын К-88, К-99, 987 Р, F-41, А-20 антигендері бар сероварларының колибактериоздың этиологиясында маңызы аса зор. Антигендік құрамы бойынша эшерихиялар 200-ге жуық сероварға бөлінеді. Қауашақты штаммдарында негізгі уыттылық факторы болып есептелетін адгезиялық антигендері бар. Микроб қарапайым қоректік орталарда, арнайы Эндо ортасында және адгезиялық антигендері түзілу үшін Минк ортасында өсіріледі.



Төзімділігі.

Эшерихиялар нәжісте 30 күнге дейін, топырақ пен суда 2-3 ай сақталады. 75° С-қа қыздырғанда 30 секундта өледі. Хлорлы әк, хлорамин, ксилонафт, күйдіргіш натрий, формалин, карбол қышқылы кәдімгі концентрациясында ойдағыдай зарарсыздандырады.

